

«ТАВУС» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

МАҢЫЗДЫ – ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚОСЫМШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕЙТІН ОСЫ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫМЕН ПАЙДАЛАНУШЫ МҰҚИЯТ ТАНЫСЫП ШЫҒУҒА ТИІС. ОСЫ КЕЛІСІМДЕГІ БАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КЕЛІСКЕН ЖАҒДАЙДА ҒАНА TABYS LTD. ПАЙДАЛАНУШЫҒА ҚОСЫМШАНЫ ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТ БЕРУГЕ ӨЗІР. ЕГЕР ПАЙДАЛАНУШЫ БҰЛ ТАЛАПТАРМЕН КЕЛІСПЕСЕ, ҚОСЫМШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІККЕ НЕМЕСЕ ОНЫ ӨЗГЕШЕ ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТ БЕРІЛМЕЙДІ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУШЫ ҚОСЫМШАНЫ ДЕРЕУ ЖОЮҒА ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ТОҚТАТУҒА ТИІС.

1. АНЫҚТАМАЛАР

«**АХҚО**» «Астана» Халықаралық қаржы орталығын білдіреді;
«**қолданылатын құқық**» немесе «**АХҚО құқығы**» «Астана» Халықаралық қаржы орталығының кейінгі өзгерістері ескерілетін Қолданыстағы құқығын білдіреді;
«**АИХ**» АХҚО заңына сәйкес құрылған «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Биржасы» жеке компаниясын білдіреді;
«**АИХ тобы**» АИХ Тіркеушісі және АИХ CSD тиесілі АИХ компаниялар тобының кез келген еншілес ұйымын білдіреді;
«**АИХ CSD**» АХҚО заңына сәйкес құрылған «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Биржасының Депозитарийі» жеке компаниясын білдіреді;
«**Рұқсат етілген өнімдер**» АИХ CSD Бизнес-ережелерінде берілген мағынаға ие болады;
«**АИХ Тіркеушісі**» АХҚО заңына сәйкес құрылған «Астана Халықаралық қаржы орталығының Тіркеушісі» жеке компаниясын білдіреді;
«**Тіркеушімен келісім**» пайдаланушы мен Тіркеуші арасындағы пайдаланушының Инвестиция нысандарына меншік құқығын есепке алу және Шот ашу жөніндегі қатынастарды реттейтін тіркеу қызметтері туралы келісімді білдіреді;
«**Шот**» Тіркеушінің тізіліміндегі шотты немесе Депозитарлық шотты білдіреді;
«**Қаржылық шот**» Жеке клиентке тиесілі және бекітілген Есеп айырысу банкінде ашылған АИХ CSD номиналды шотында сақталатын Клиенттің ақшалай қаражатын көрсететін шоттың бөлігі болып саналатын жеке клиенттік шотты білдіреді;
«**Клиенттің ақшалай қаражаты**» АХҚО бизнесті жүзеге асыру Ережелерінің 8.2.1 тармағына сәйкес мағынаға ие;
«**Тіркеушінің тізіліміндегі шот**» Тіркеуші мен пайдаланушы арасында жасалған Тіркеушімен келісімнің ережелері мен шарттарына сәйкес Тіркеуші басқаратын Инвестиция нысандар тізілімінде пайдаланушы үшін құрылған және пайдаланушының Эмитенттен сатып алған Инвестиция нысандары сақталатын электронды жеке шотты білдіреді;
«**Қызмет көрсету туралы Шарт**» Мақсатқа қарай қолданылатын Кастодиандық қызметтерді көрсету туралы Шартты және/немесе Тіркеушімен келісімді білдіреді;
«**Кастодиандық қызметтерді көрсету туралы Шарт**» Жеке Клиент пен АИХ CSD арасындағы қатынастарды реттейтін кастодиандық қызметтер туралы шартты білдіреді;
«**Депозитарий**» АИХ CSD Бизнес-ережелеріне сәйкес АИХ CSD басқаратын депозитарийді білдіреді;
«**Депозитарлық шот**» АИХ CSD мен Жеке Клиент арасында жасалған Кастодиандық қызметтерді көрсету туралы Шарттың талаптарына сәйкес АИХ CSD Депозитарийіндегі номиналды шотта құрылған Жеке Клиенттің жеке қосалқы шотын білдіреді;
«**Келісім**» осы Қызметтер көрсету шарттарын білдіреді;

«**Биометриялық аутентификаттау**» пайдаланушының жеке тұлғасын тексеру үшін оның бірегей биологиялық сипаттамаларының негізінде іске асырылатын процесті білдіреді;

«**жұмыс күні**» кез келген жұмыс күнгі Астана уақыты бойынша сағат 9:00-ден 18:00-ге дейінгі уақытты білдіреді (сенбі, жексенбі немесе Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мереке күндерінен басқа);

«**Құрылғы**» Android және Apple IOS қолдайтын операциялық жүйе орнатылған пайдаланушының мобильді телефонын білдіреді;

«**Инвестор**» - осы Инвесторлық келісімді сөзсіз қабылдайтын пайдаланушы;

«**Инвесторлық келісім**» эмитент пен Инвестор арасындағы Қосымша арқылы орналастыру құжаттарының талаптарына сәйкес Инвестиция нысандарды сатып алу-сату келісімін білдіреді;

«**Эмитенттер**» кез келген Инвестиция нысанына қатысты ол шығарған немесе шығаруға тиісті заңды тұлғаны, оның ішінде Эмитенттің атынан Инвестиция нысандарын орналастыру туралы құжаттарға сәйкес әрекет ететін агентті білдіреді;

«**Лицензиат**» Қосымшаның иесі болып табылатын Tabys Ltd. және Лицензиаттардың әрқайсысымен жасалған келісімдер негізінде AIX, AIX Тіркеушісі, AIX CSD мен Эмитенттерді қоса алғанда, Қосымшаны пайдалануға тиісті құқығы бар кез келген заңды тұлғаны білдіреді;

«**Face ID**» Мобильді қосымшаға кіру үшін пайдаланушының бет әлпетін биометриялық аутентификаттау әдісі ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін адамдарды тану жүйесін білдіреді;

«**Сатып алу-сатуды тіркеуге және ресімдеуге арналған құралдар**» немесе «**Құралдар**» веб-сайтты, Қосымшаны және пайдаланушыға Эмитенттен бағалы қағаздарды сатып алу және оларды Эмитент пайдасына сату үшін Қосымша арқылы ұсынылатын барлық құралдарды білдіреді;

«**Қосымша**» «Tabys» сауда белгісімен белгіленген, AIX дайындаған және пайдаланушы мен Лицензиаттар, оның ішінде пайдаланушы мен Эмитент арасындағы Инвестиция нысандарының сату мен сатып алуға қатысты байланысты, сондай-ақ пайдаланушы мен AIX CSD арасындағы Кастодиандық қызмет көрсету туралы Шартқа сәйкес, пайдаланушы мен Тіркеуші арасындағы, оның ішінде Тіркеушімен келісімге сәйкес Инвестордың Инвестиция нысандарына меншік құқығын тіркеуге байланысты жеңілдетуге және пайдаланушылар мен Эмитенттер арасындағы Инвестиция нысандарына байланысты транзакцияларды құжаттауға арналған мобильді қосымшаны білдіреді. Қосымшаны кез келген Құрылғыға жүктеп алуға болады;

«**Онлайн қолдау**» tabys@tabysapp.kz электрондық пошта мекенжайы немесе +7 776 290 9895 WhatsApp нөмірі бойынша қолжетімді онлайн қолдау қызметі;

«**Байланысты құжаттар**» өзара байланысты, осы Келісімге қатысты болып табылатын және Инвестор оларды қабылдайтын және шарттарымен келісетін Құпиялылық саясатын, Қызметтер көрсету шарттарын, Кастодиандық қызметтерді көрсету туралы Шартты және Тіркеушімен келісімді және Инвестициялық монеталар мен олардың бөліктерін (үлестерін) сату және сатып алу шарттарын білдіреді;

«**сұрау**» пайдаланушының Қосымша арқылы Инвестиция нысандарын сыйға тартуға, сатып алуға/жазылуға немесе сатуға және, қолданылатын жағдайда, оларды пайдаланушының шотынан/шотына аударуға, инвестициялық монеталарды алу сұрауын, сондай-ақ Қаржылық шотты толтыру немесе қаражат шешу немесе басқа да кез келген сұрауларды білдіреді;

«**Инвестициялық монеталар**» – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы, қымбат металдардан жасалған, инвестиция және жинақ нысаны болып табылатын инвестициялық монеталар.

«**Проспект**» - Эмитент, оның Бағалы қағаздары мен Бағалы қағаздарды АХҚО-ның Нарық қағидаларына сәйкес АХҚО-ға немесе АХҚО-дан ұсыну туралы ақпарат бар Эмитент дайындаған құжат. Негізделген инвестициялық шешім қабылдаған кезде мұндай қажетті ақпарат Инвестор үшін маңызды болып табылады;

«**Мақсат**» оған осы құжаттың 2-бөлімінде берілген мәнге ие;

«**Бағалы қағаз**» АХҚО және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Рұқсат етілген өнім санатына жататын материалсыздандырылған нысанда шығарылған акцияны, борыштық міндеттемені, борыштық қолхатты, сертификатты, құрылымдалған қаржылық өнімді және пайды білдіреді;

«**Инвестиция нысаны**» – Бағалы қағаздар және (немесе) инвестициялық монетаның бөлігі (үлесі).

«**Инвестициялық монетаның бөлігі (үлесі)**» – AIX Registrar есеп жүйесінде қалыптастырылатын, инвестициялық монетаның сәйкес бөлігіне (үлесіне) деген заттық емес талап ету құқығы, ол инвестициялық монета жасалған қымбат металдың химиялық таза салмағы (граммен немесе унциямен) арқылы анықталады.

«**Touch ID**» Мобильді қосымшаға кіру үшін пайдаланушының саусақ бедерлерін биометриялық аутентификаттау әдісі ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін саусақ бедерлерін тану жүйесін білдіреді;

«**пайдаланушы**» немесе «**Жеке Клиент**» Қосымшаны жүктеген және оны пайдаланатын жеке тұлғаны білдіреді.

Осы Шарттарда тақырыптар тек ыңғайлылық үшін ғана келтірілген және Шарттарды түсіндіру немесе интерпретациялау кезінде назарға алынбауы тиіс. Егер осы Шарттар басқа тілдерге аударылған болса, ағылшын тіліндегі мәтін басым болады.

2. КІРІСПЕ

Осы Қосымшаның Tabys Ltd. пайдаланушы мен AIX, Эмитенттер, AIX CSD мен AIX Тіркеушісін қоса алғандағы тиісті Лицензиаттар арасындағы байланысты жеңілдету үшін, сондай-ақ бір жағынан пайдаланушы мен екінші жағынан Эмитенттер арасында Инвестиция нысандарына қатысты жасалған транзакцияларды қолдану арқылы құжаттау үшін ұсынады («**Мақсат**»). Осы Келісім Мақсатқа сәйкес пайдаланушының Қосымшаға қолжетімділігін және оны пайдалануын реттейді.

Қосымша арқылы Инвестиция нысандар сатып алу және сату талаптары Инвестиция нысандарын ұсыну құжаттарымен, және Инвесторлық келісіммен реттеледі. Пайдаланушының Тіркеушінің тізіліміндегі Шотындағы Инвестиция нысандардың есебін жүргізу мен Тіркеушінің тізіліміндегі Шотты ашу шарттары Тіркеушімен жасалған келісіммен реттеледі. AIX CSD кастодиандық қызметтерін көрсету, сондай-ақ Депозитарлық шотты ашу шарттары Кастодиандық қызмет көрсету Шартымен реттеледі. Қосымша арқылы сатып алу және сату туралы толық ақпарат осы Келісімнің 3-тармағында орналасқан.

Пайдаланушы осы Келісіммен мұқият танысып шығуы қажет.

Осы Келісімге қатысты Apple IOS және Google Android талапшарттары мен ережелері және олардың құпиялылық саясаттары қолданылады («**Платформаны пайдалану шарттары**»). Осы Келісім мен Платформаны пайдалану шарттары арасында қайшылық болған жағдайда, осы Келісім басым күшке ие болып табылады.

Құпиялылық және қауіпсіздік

Пайдаланушының дербес деректерін жинауды және өңдеуді Tabys Ltd. пен Лицензиаттар, Мақсатқа қарай, қандай мақсаттар үшін жүзеге асыратынын және бұл процесті пайдаланушы қалай бақылай алатынын түсінуі маңызды. Бұл Қосымшаның Құпиялылық саясатында егжей-тегжейлі түсіндірілген.

Пайдаланушы Құрылғы мен Қосымшаға кіру үшін пайдаланатын құпия деректерін қорғалғандығына көз жеткізуі тиіс. Егер олар жоғалса, ұрланса, заңсыз меншіктелсе немесе пайдаланушының рұқсатынсыз пайдаланылса, пайдаланушы Онлайн қолдауды мүмкіндігінше дереу хабарландыруы тиіс. Биометриялық аутентификаттау жағдайында, егер пайдаланушы Құрылғыда саусақ бедерлерін/бет-әлпетін тіркеген жалғыз адам болса ғана Touch ID/Face ID қосуы керек. Қауіпсіздік туралы толық ақпарат осы Келісімнің 6-тармағында орналасқан.

Міндетті заңды күші бар шарт

Осы Келісім және оның қосымшалары пайдаланушы мен Tabys Ltd. арасындағы осы Келісім мен Мақсатқа байланысты міндетті заңды күші бар шартты құрайды және осы Келісімнің нысанасына қолданылатын барлық келісімдерді, уәделерді, сендірулерді, кепілдіктерді, мәлімдемелерді, уағдаластықтарды немесе талапшарттарды алмастырады. АХҚО-ның Шарттар туралы ережелерінің 10-бөлігіне сәйкес (AIFC Contracts Regulations) (Үшінші тараптардың құқықтары) осы Келісімнің тарабы болып табылмайтын тұлға оның қандай да бір талаптарын мәжбүрлі түрде жүзеге асыруға құқысыз емес.

Пайдаланушы Қосымшаның пайдаланушысы ретінде осы Келісімнің шарттарымен келісетіндігін растайды және Келісімінің барлық қолданылатын ережелері мен талапшарттарын Мақсатқа сәйкес ұстануға келіседі. Егер пайдаланушы осы Келісіммен келіспесе, пайдаланушы осы Қосымшаны дереу жоюға және оны пайдалануды тоқтатуға тиіс. Пайдаланушы Қосымшаны оның Мақсатынан басқа мақсаттарға пайдаланбауға тиіс.

Пайдаланушы осы Келісім шеңберіндегі өз құқықтарын басқаға бермеуге тиіс. АІХ тобы өзінің осы Келісім бойынша құқықтары мен міндеттемелерін өзінің кез келген еншілес тұлғаларына пайдаланушының келісімінсіз беруге құқылы.

Қосымшаның жұмысын тоқтата тұру

Қосымшаның жұмысын тоқтата тұру Tabys Ltd. Қосымшаның жұмысын шектеулі жағдайларда, мысалы, қандай да бір нормативтік шектеулерге байланысты, қауіпсіздік үшін немесе Қосымшаның алаяқтықпен немесе санкцияланбаған түрде пайдаланғанына күдік туған жағдайда, тоқтата тұра алады. Tabys Ltd. немесе Лицензиат бұл туралы пайдаланушыға алдын ала хабарлауға тырысады, бірақ негізді себептер болған жағдайда, хабарламалардың уақтылы жіберілетінін кепілдендірмейді. Қосымшаның жұмысы тоқтатыла тұрған жағдайда, Қосымшаның қандай да бір Құралдарының тоқтатыла тұруы салдарынан пайдаланушы өтемақы немесе басқа төлемдер алуға құқығы болмайды. Қосымша жұмысының тоқтатыла тұруы Шотқа және Шотта жазылған Клиенттің ақшалай қаражатына және Инвестиция нысандардың меншік құқығына ешқандай түрде әсер етпейді. Қосымша жұмысының тоқтатыла тұруы туралы толық ақпарат осы Шарттың 11-тармағында орналасқан.

3. ҚОСЫМШАНЫ ПАЙДАЛАНУ

- 3.1. Осы арқылы Tabys Ltd. пайдаланушыға Қосымшаны оның Мақсатына сәйкес және тек Құрылғыда, қолданылатын Платформаны пайдалану шарттарымен рұқсат етілгендей және осы Келісімге сәйкес жеке пайдалануға айрықша емес, табысталмайтын және кері шақыртылатын лицензия береді («Пайдаланушы лицензиясы»). Осы Пайдаланушы лицензиясының қолданылуы пайдаланушы осы Келісімді қабылдағаннан кейін басталады және осы Келісімнің 11-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін қолданылады.
- 3.2. Қосымшаға және Құралдарға қолжетімділік алған және оларды пайдаланған кезде, пайдаланушы:
 - 3.2.1. Қосымшаны немесе оның кез келген бөлігін көшірмеуге немесе табыстамауға, қайта шығармауға;
 - 3.2.2. Қосымшаны немесе оның кез келген бөлігін өзгертпеуге, модификацияламауға немесе бейімдемеуге;
 - 3.2.3. Қосымшадағы авторлық құқықтар туралы кез келген ақпаратты жоймауға немесе қолдан жасамауға;
 - 3.2.4. Пайдаланушы өзін қандай да бір басқа адамның орнында көрсетпеуге немесе ойдан шығарылған атты пайдаланбауға, не болмаса жалған тұлға немесе электрондық пошта құрмауға, не болмаса сәйкестендіруге немесе Қосымшаны пайдалану кезінде берілетін кез келген өзге де ақпарат пен фактілерге қатысты басқаларды жаңылыстырмауға;
 - 3.2.5. Құрылғыда сақтаулы деректерді кімнің де болмасын иелігіне немесе қолжетімділігіне бермеуге;
 - 3.2.6. Бағдарламалық жасақтама бар файлдарды немесе пайдаланушыға тиесілі емес немесе пайдаланушының оларға тиісті рұқсаты жоқ басқа да материалдарды, деректерді немесе мәліметтерді бермеуге немесе жүктемеуге, не болмаса басқа тұлғалар туралы ақпаратты олардан алдын ала рұқсат алусыз жинамауға;
 - 3.2.7. Қосымшаның жұмысына зиян келтірмеуге, араласпауға немесе Қосымшаға қолжетімділікті бұзбауға немесе оның функцияларын бұзуы немесе нашарлатуы мүмкін қандай да бір әрекеттер істемеуге;
 - 3.2.8. Қосымша арқылы Бағалы қағаздар сатуды немесе сатып алуды қоспағанда, Қосымшаны коммерциялық немесе іскерлік мақсаттарда пайдаланбауға немесе Қосымшаны қайта сатпауға немесе Қосымшаның кез келген бөлігінен немесе аспектісінен коммерциялық пайда алмауға;
 - 3.2.9. Абырой мен қадір-қасиетке кір келтіретін, авторлық құқықтарды бұзатын, тіз тигізетін, бейпіл, әдепсіз сипаттағы материалдарды немесе мәліметтерді не болмаса басқа да заңсыз немесе қажетсіз материалдарды немесе мәліметтерді жарияламауға, орналастырмауға, таратпауға немесе өзге түрде табыстамауға;
 - 3.2.10. Басқаларға сес көрсетпеуге, олардың ізіне түспеуге немесе олардың құқықтарын өзге түрде бұзбауға (жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығын қоса);
 - 3.2.11. Вирустар, қателіктер, бүлінген деректер бар кез келген материалдарды немесе файлдарды, «троян аттарын», желілік құрттарды немесе кез келген басқа зиянды бағдарламалық жасақтаманы ұсынбауға, жүктемеуге немесе таратпауға;
 - 3.2.12. Бағдарламалық жасақтамаға ақиқат меншік құқығын немесе Қосымша арқылы қолжетімді файлдардың ішіндегі басқа материалдарды немесе ақпаратты бұрмаламауға; сонымен қатар Қосымшаға, басқа сервистерге, компьютерлік жүйелерге немесе желілерге санкцияланбаған қолжетімділік алмауға немесе алуға тырыспауға келіседі.
- 3.3. Пайдаланушы:

- 3.3.1. Қосымшаны оның Мақсаттары үшін пайдалануға құқықтық қабілетті екенін;
 - 3.3.2. Қосымшада көрсеткен ақпараттың шынайы, толық және дәл екенін және жаңылыстырмайтын және мәліметтердегі кез келген өзгерістер туралы бірден хабарлауға келісетінін, олардың қатарына өзгелерден басқа, толық аты-жөні, электрондық пошта мекенжайы, банктік картаның немесе шоттың деректемелері немесе Tabys Ltd. және Лицензиаттар негізді түрде сұратқан кез келген басқа ақпарат, егер Tabys Ltd. және Лицензиаттар талап етсе, тиісті растаушы құжаттары беріле отырып, кіруі мүмкін;
 - 3.3.3. Қосымшаны пайдалану мақсатында пайдаланушы өз атынан әрекет ететінін және үшінші тұлғалардың атынан өкілдік етпейтінін;
 - 3.3.4. Қосымшаны пайдалану үшін пайдаланушыға қолданылатын заңнамаға сәйкес қажет етілетін рұқсаттар мен келісімдердің тиісті түрде алынғанын, қолданыста екенін және кері шақырылмағанын немесе күші жойылмағанын;
 - 3.3.5. Қосымшаны пайдалану үшін, сонымен қатар пайдаланушының тиісті міндеттемелерді орындауы үшін талап етілетін барлық іс-әрекеттерді қабылдағанын және қабылдауға міндеттенетінін;
 - 3.3.6. Қосымшаны пайдалану қандай да бір қолданылатын заңнаманы бұзушылық болып табылмайтынын және бұзуға әкелмейтінін;
 - 3.3.7. Барлық талаптарды оқып шыққанын және қабылдайтынын және осы Келісімде, Инвесторлық келісімде, Құпиялылық саясатында және Қызмет көрсету туралы Шартта көрсетілген барлық міндеттемелерді орындауға міндеттенетінін куәландырады және оған кепіл болады.
- 3.4. Пайдаланушыға контентті Қосымша экраны арқылы жүктеп алуға, басып шығаруға, уақытша сақтауға, алуға және көрсетуге, сонымен қатар мұндай беттерді электрондық форматта Құрылғының сақтау орнында (бірақ желіге қосылған қандай да бір серверде немесе басқа сақтау құрылғысында емес) жеке пайдалану үшін сақтауға рұқсат етіледі. Бұл ретте пайдаланушы Қосымша экраны арқылы жүктелетін, басып шығарылатын немесе алынатын деректердің олар жүктелген, басып шығарылған немесе алынған күн мен уақыттағы жағдайды көрсететінін және дәл осы уақыт үшін қолданылатынын білуі тиіс. Дәл осылай, тасымалдағышта сақталған деректер де файл белгіленген уақыттағы жағдайды көрсетеді.
 - 3.5. Жеке тұлғаның жүктеуіне және көшіруіне берілген рұқсат мұндай материалды немесе оның кез келген бөлігін кез келген жұмысқа немесе кез келген нысандағы жарияланымға қосуға мүмкіндік бермейді.

Тіркеу процесі

- 3.6. Қосымшаны пайдалану және Шот ашу Қосымша арқылы тіркеу процесі сәтті аяқталғаннан кейін және аутентификаттау процесінен толық өткен жағдайда ғана Қызмет көрсету туралы келісімге сәйкес беріледі. Пайдаланушы тіркеу кезінде Tabys Ltd. пен тиісті Лицензиат биометриялық аутентификаттауды пайдалануы мүмкін екенімен келіседі. Tabys Ltd. пен тиісті Лицензиат тіркеу процесінің пайдаланушы онлайн-өтінім берген күні аяқталатынын кепілдендірмейді, себебі өтінім бен берілген деректерді тексеру үшін қосымша уақыт талап етіледі. Пайдаланушы тіркеу процесінің сәтті аяқталғаны туралы хабарлама алады.
- 3.7. Тіркеу процесі сәтті аяқталғаннан кейін Қосымшаның қызметтеріне қолжетімділік беріледі, ал пайдаланушы үшін ол қолдана алатын типтегі Шот ашылады және Шот ашуға арналған өтінім пайдаланушының Бағалы қағаздарға

жазылу, Эмитенттен бағалы қағаздарды сатып алу және сату туралы сұраулары (бар болса), Қаржылық шотты толтыру және Қаржылық шоттан қаражат шешу, барлық басқа да сұраулары, тапсырмалары мен хабарламалары сияқты, Қосымша арқылы жіберілетінімен пайдаланушы келіседі. Пайдаланушы Tabys Ltd.-дің өзінің Лицензиатқа жолданған Қосымша бойынша қызмет көрсету үшін қажет болуы мүмкін деректеріне қолжетімділігі болатынына және оларды пайдалануы мүмкін екенімен келіседі.

- 3.8. Қосымшаға кіру үшін, пайдаланушы өзінің пайдаланушы атын және Қосымша сұратқан басқа жасырын ақпаратт енгізуі және, егер ол қолжетімді болса, биометриялық аутентификаттауды пайдалануы қажет болады. Tabys Ltd. пен Лицензиат Қосымшаны пайдалануға арналған құпия ақпаратқа қойылатын талаптардың өзгерістерін пайдаланушыға мерзімді түрде хабарлап тұрады.

4. АЛЫМДАР ЖӘНЕ КОМИССИЯЛАР

- 4.1. Tabys Ltd. АҰЖ немесе Лицензиат Қосымшаны пайдалану үшін және ұсынатын Құралдар үшін пайдаланушыдан ақы алуы мүмкін және мұндай алымдарды төлеу қажеттілігі туындаған кезде, бұл туралы хабарланады. Қолданылатын алымдар мен Лицензиаттардың алымдары тиісті Қызмет көрсету туралы Шартта және <https://www.tabysapp.kz> веб-сайтында орналасуы мүмкін.
- 4.2. Пайдаланушы барлық комиссияларды, алымдарды, салықтарды және қолданылатын басқа да алымдарды төлеуге міндеттенеді. Tabys Ltd. пен Лицензиаттар барлық жарамды алымдарды, комиссияларды өзгерту және пайдаланушының банк картасынан алдын ала келісусіз тиісілі сомаларды Шоттан немесе банк картасынан/шотынан есептен шығару құқығын өзіне қалдырады. Кез келген осындай төлемдерді орындамау Келісімді бұзу болып табылады, бұл ретте Tabys Ltd. және Лицензиаттар кез келген құқықтарды немесе құқықтық қорғау құралдарын (шартқа сәйкес немесе өзге түрде қарастырылған) қолдануға құқылы.
- 4.3. Пайдаланушыдан банк картасымен кез келген транзакциялар үшін өз банкі, кез келген қызмет провайдері, соның ішінде процессингтік қызмет провайдері олардың ішкі ережелеріне сәйкес сомада және сәйкес комиссия алуы мүмкін. Пайдаланушы барлық осы және басқа үшінші тарап төлемдері үшін жалғыз жауапты және онлайн транзакцияларды аяқтау үшін алынатын барлық тиісті комиссияларды қарауы керек.
- 4.4. Tabys Ltd. те, Лицензиаттар да пайдаланушының төлемдерді, алымдарды төлемейі салдарынан Tabys Ltd. мен Лицензиаттардың құқықтық қорғау құқықтарын немесе құралдарын қолдануы нәтижесінде туындаған қандай да бір жанама, ерекше немесе ілеспе залалдар үшін (өзгелерден басқа, күтілетін пайданы немесе деректерді жоғалтуды қоса) ешбір жағдайда жауапкершілік алмайды. Tabys Ltd. және Лицензиаттар пайдаланушы жасауы керек төлемдерді, алымдарды төлеу және ұстап қалу құқығын өзіне қалдырады, ал пайдаланушы мұндай төлемдерге сөзсіз және саналы түрдегі өз келісімін береді.

5. МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

- 5.1. Күмәндардың болдырмау мақсатында Қосымшаны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін жауапкершілік Мақсатқа сәйкес және кез келген Қызмет көрсету туралы Шарт немесе Инвесторлық келісім бойынша туындайтын қатынастарға байланысты келісіледі және мұндай мәселелер Қызметтер көрсету туралы Шарт немесе Инвесторлық келісімнің тарапы болып табылатын

тиісті Лицензиаттың назарына жіберіледі. Осыған байланысты мәселелер төмендегі тәртіп бойынша реттелуі тиіс:

i. Тиісті қолданыстағы заңнамада, Инвесторлық келісімде көрсетілгендей Инвестиция нысандарын сату және сатып алуға байланысты қарым-қатынастарда Эмитент жауапты болады;

ii. Тиісті қолданыстағы заңнамада және Тіркеушімен келісімге сәйкес Тіркеушінің тізіліміндегі Шот ашу мен Инвестиция нысандарға меншік құқығын есепке алуға байланысты қарым-қатынастарда AIX Тіркеушісі жауапты болады;

iii. Кастодиандық қызметтерді көрсету туралы Шартқа сәйкес Депозитарлық шот ашу мен Бағалы қағаздарды және Клиенттің ақшалай қаражатын Депозитарлық шотта сақтауға байланысты қарым-қатынастарда AIX CSD жауапты болады.

- 5.2. Мобильді қосымша қызметтерін ұсыну үшін Tabys Ltd. және Лицензиаттар орынды күш салатынына қарамастан, Tabys Ltd. және Лицензиаттар Қосымшаның сервистеріне қолжетімділік ұсынудың мүмкінсіздігі үшін немесе олардың бақылауынан тысқары, оларды болдырмауға салынған күштерге қарамастан кез келген жағдайда орын алатын төтенше және күтпеген мән-жайлар себебінен осы Келісімнің талапшарттарының жартылай немесе толық сақталмауы үшін жауап бермейді. Бұған, өзгелерден басқа, мобильді желінің немесе интернеттің жаңылыстары кіреді. Tabys Ltd. және Лицензиаттар Инвестиция нысандарымен операциялар орындауға қатысты банктердің немесе басқа үшінші тараптардың қандай да бір жаңылыстары, іс-әрекеттері немесе кемшіліктері үшін жауапкершілік алмайды.
- 5.3. Қосымша бастапқы түрінде, оның функцияларына қатысты қандай да бір куәландыруларсыз, кепілдіктерсіз немесе келісімдерсіз ұсынылады. Tabys Ltd. және Лицензиаттар пайдаланушының Құрылғысына қандай да бір вирустар немесе басқа да жұқтырғыш немесе зиянкес қасиеттер/объектілер берілмейтінін немесе Құрылғының бүлінбейтінін кепілдік бере алмайды. Пайдаланушы осының нәтижесінде ұшырауы мүмкін залалдар үшін Tabys Ltd. және Лицензиаттар АЖ жауапкершілік алмайды.
- 5.4. Tabys Ltd-де, Лицензиаттар да Қосымшаның немесе оның ішіндегінің шынайылығын, дәлдігін, сенімділігін немесе қолжетімділігін кепілдендірмейді және оларға қатысты қандай да бір мәлімдемелер бермейді.
- 5.5. Қолданылатын құқықпен рұқсат етілген барынша жоғары дәрежеде, Tabys Ltd осы арқылы Қосымшаның сапасы қанағаттанарлық, құқықтарды бұзбайтыны, ақаулықтары жоқтығы, тұрақты негізде жұмыс істей алатыны және пайдаланушы осы Қосымша арқылы беретін кез келген ақпараттың сәтті, дәл немесе қауіпсіз табысталатыны туралы кез келген уәделер мен кепілдіктерді қоса, айқын білдірілген немесе тұспалданған уәделер мен кепілдіктердің барлығына тастайды.
- 5.6. Қосымшада басқа тәуелсіз үшінші тарап веб-сайттарға (Үшінші тарап веб-сайттары) сілтемелер бар болуы мүмкін. Үшінші тарап веб-сайттары Tabys Ltd бақылауында емес, сондықтан олардың контенттерінің дұрыстығы немесе олардың құпиялылық саясаттары (егер ондай бар болса) үшін Tabys Ltd жауапкершілік алмайды және кепіл бермейді. Пайдаланушының кез келген Үшінші тарап веб-сайттарымен өзара әрекеттеріне қатысты, олар арқылы қолжетімді кез келген өнімдерді немесе қызметтерді сатып алуды қоса, өзінің кез келген тәуелсіз шешімді қабылдауы қажет болады.

- 5.7. Tabys Ltd пен Лицензиаттар ақпараттық технологияларды қорғау әдістерінің және қосымшаларды қорғау әдістерінің көмегімен Қосымшаның және оның деректерінің қауіпсіздігін, құпиялылығын және тұтастығын қорғау үшін барынша орынды күш салады.
- 5.8. Пайдаланушы өз тәуекелін басшылыққа алып инвестициялық шешімдерінен шыға отырып, Қосымша арқылы орналастырылған барлық ұсыныстар үшін жауапкершілік алады. Пайдаланушы Инвестиция нысандарына салынатын барлық инвестициялар Проспектте сипатталған тәуекелдермен байланысты болатындығын түсінеді және қабылдайды. Пайдаланушы кез келген инвестицияның және онымен байланысты кез келген тәуекелдің жарамдылығын анықтау үшін жеке-дара жауапкершілік алады. Егер пайдаланушы Инвестиция нысаны туралы ақпаратты қамтитын құжаттың мазмұнын түсінбесе немесе Инвестиция нысандары оның жеке инвестициялық мақсаттары мен мән-жайлары үшін лайықты-лайықсыз екеніне сенімсіз болса, пайдаланушының уәкілетті қаржылық кеңес берушімен кеңескені жөн. Қосымша арқылы қолжетімділік алатын Сервистер қандай да бір Инвестиция нысандарына инвестициялауға кеңес немесе ұсыныс болып табылмайды.
- 5.9. Инвестиция нысандарына инвестициялау бірқатар тәуекелдермен, соның ішінде бағалардың құбылмалылығы кезеңінде залалға ұшырау тәуекелімен байланысты, сондықтан пайдаланушы Инвестиция нысандарымен Қосымша арқылы жүзеге асырылатын мәмілелерге қатысты барлық инвестициялық шешімдер Инвестиция нысаны туралы ақпаратты қамтитын құжаттың пен онымен байланысты тәуекелдерді өзінің бағалауы негізінде қабылданатынын және пайдаланушы қаржылық тұрғыдан өзіне мұндай тәуекелдерді алуға және орын алуы мүмкін залалдарға өтеуге дайын екенін мойындайды және түсінеді. Tabys Ltd. те, Лицензиаттардың қайсысы да болмасын, олардың үлестес тұлғаларының да қайсысы болмасын мұндай тәуекелдермен байланысты жауапкершілікті өзіне алмайды. Нақты Инвестиция нысандарымен байланысты тәуекелдер туралы ақпарат тиісті Инвестиция нысаны туралы ақпаратты қамтитын құжатта орналастырылады.

6. АҚПАРАТ ЖӘНЕ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

Қауіпсіздікке қатысты пайдаланушы міндеттемелері

- 6.1. Пайдаланушы өзінің Құрылғысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және Құрылғының және құпия ақпараттың алаяқтықпен пайдаланылуын болдырмау үшін барлық орынды шараларды қабылдауға тиіс. Бұл сақтық шараларына мыналар кіреді:
- Пайдаланушының құпия деректерін басқа тұлға түсінетіндей түрде жазбау немесе өзге түрде жазып көрсетпеу;
 - Жүйеге кіру үшін пайдаланылатын құпия деректерді оңай тауып алуға болатындай етіп таңдамау;
 - Қосымшаға кіру үшін пайдаланған кезде пайдаланушының құпия деректерін ешкімнің естімеуін және көрмеуін қадағалау;
 - Қосымшаға кіру үшін Қосымшаға бірегей құпия деректер таңдау;
 - Ресми түрде шығарылған соңғы Қосымша жаңартуларын қолдану;
 - Пайдаланушының құпия деректерін ешкімге, оның ішінде Tabys Ltd. пен Лицензиаттарға да ашып көрсетпеу;
 - Егер пайдаланушының құпия деректері басқа тұлға білетінін пайдаланушы анықтаса немесе біледі деп күдіктенсе немесе егер Tabys Ltd. пайдаланушыдан оларды өзгертуді сұраса, профильге кіру үшін

- пайдаланылатын құпия деректерді дереу өзгертіп, 6.8-тармаққа сәйкес бұл туралы Tabys Ltd. мүмкіндігінше дереу хабарлау;
- Пайдаланушының құпия деректері мен Құрылғының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - Қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын құпия деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты берілген барлық орынды нұсқауларды орындау;
 - Қосымшаға кіргеннен кейін Құрылғыны қараусыз қалдырмау және Құрылғыны кімнің де болсын пайдалануына мүмкіндік бермеу;
 - Қосымша сервистерін пайдалануды аяқтағаннан соң Қосымшадан шығу (log-out) және, соның ішінде, Қосымшаны фондық режимде (logged in режимінде) жұмыс істеп тұрған қалпында қалдырмау (мысалы, көп міндеттілік режимінде немесе басқа қосымшаларды іске қосқан кезде);
 - Құрылғының операциялық жүйесін өндіруші ұсынған, Мобильді қосымшаны пайдалану үшін пайдаланушы қолданатын барлық қауіпсіздік шараларын сақтау (алайда жүйеге кіру үшін пайдаланылатын құпия деректерді немесе пайдаланушының Шот туралы ақпаратты пайдаланушы оларға ешқашан ашпауы керек);
 - Құрылғыны вирустарға немесе басқа зиянкес объектілерге/қасиеттерге қатысты сканерлеу үшін орынды және жеткілікті шаралар қабылдау;
 - Егер пайдаланушы Қосымшаға кіру үшін оның саусақ бедерлерін пайдалануға/бет әлпетін тануға мүмкіндік беретін Touch ID/Face ID функциясын (тек үйлесімді Құрылғылар үшін) іске қосса, Құрылғыда тек қана пайдаланушының саусақ бедерлері/бет әлпеті тіркелгеніне көз жеткізуге тиіс және егер пайдаланушы өз Құрылғысы мен Қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын құпия деректерін сақтап қала алмаса немесе егер Құрылғыда тек пайдаланушының ғана саусақ бедерлері/бет әлпеті тіркелмеген болса және пайдаланушы бұған қоса кіруді саусақ бедерлері/бет әлпет тану бойынша іске қосса, онда Қосымшада пайдаланушының атынан жасалған санкцияланбаған транзакциялар мен төлемдер үшін жауапты болып табылады.
- 6.2. Пайдаланушы Қосымшаны Операциялық жүйенің немесе Құрылғының өндірушілері қолдайтын немесе кепілдендіретін конфигурациялардың шеңберінен тыс өзгертілген қандай да бір Құрылғыда немесе операциялық жүйеде қолданбауы тиіс. Бұған «бұзып ашылған» немесе рутинг процесінен өткен Құрылғылар кіреді. «Бұзып ашылған» немесе «рутингтелген» Құрылғы дегеніміз оған Құрылғының немесе операциялық жүйенің өндірушісі салған шектеулерден олардың келісімінсіз босатылған құрылғыны білдіреді.
- 6.3. Бастапқы тіркеуден кейін Қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын пайдаланушының құпия деректерін толық ашу туралы Tabys Ltd. те, Лицензиаттар да ЕШҚАШАН сұрау жолдамадмы және үшінші тұлғалардан мұны олардың атынан жасауды сұрамайды.
- 6.4. Пайдаланушымен байланыс әлеуметтік инженерия шабуылдарына қарсы тұра алатын форматта болады.
- 6.5. Tabys Ltd. де, Лицензиаттар да пайдаланушыдан құпия сөздерді сұрамайды және қауіпсіздікпен байланысты сілтемелерге өтуді пайдаланушыға ешқандай жағдайларда ұсынбайды. Егер пайдаланушы кімнен болмасын қандай да бір осындай сұрау алса (тіпті олар АІХ пен Лицензиаттардың аты мен логотипін пайдаланса да және олар түпнұсқа болып көрінсе де), онда мұндай сұрау алдау және алаяқтық болып табылады және пайдаланушы өзінің құпия деректерін оларға ешбір жағдайларда да бермеуі керек. Пайдаланушы кез келген мұндай сұраулар туралы дереу Tabys Ltd. -ге хабарлауы керек.

- 6.6. Қосымшаға кірген мезеттен бастап Қосымшадан шыққан мезетке дейінгі кезеңде пайдаланушы Құрылғы арқылы жіберілген барлық сұраулар, тапсырмалар мен хабарламалар үшін жауапты болып табылады.
- 6.7. Пайдаланушы Құрылғыда көрсетілетін немесе сақтаулы ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты болып табылады.

Егер қауіпсіздікті бұзу орын алса, не істеу керек??

- 6.8. Егер пайдаланушының Қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын құпия деректерін басқа біреу білетінін немесе оларды біреудің пайдаланғанын немесе пайдалануға тырысқанын анықтаса, күдіктер пайда болса немесе пайдаланушының Құрылғысы жоғалтылса немесе ұрланса, пайдаланушы tabys@tabysapp.kz мекенжайы бойынша электронды хат жолдап, бұл туралы дереу Tabys Ltd. -ге хабарлауы тиіс.
- 6.9. Егер пайдаланушының Құрылғысы қандай да бір түрде бұзылып ашылса немесе Қосымша деректерінің жылыстауы орын алса, пайдаланушы толық мәнжайды tabys@tabysapp.kz электронды поштасы бойынша дереу хабарлауы керек.
- 6.10. Егер пайдаланушы қолданбада кибер және ақпараттық қауіпсіздік оқиғасын анықтаса немесе мұндай оқиға бар деген күдігі болса, ол мәліметтерді tabys@tabysapp.kz мекенжайы арқылы дереу хабарлауы керек.

7. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

- 7.1. Tabys Ltd. Қосымшадағы барлық контентке авторлық құқықтың және барлық патенттерді, деректер базасына құқықтарды, тауарлық белгілерді, саудалық атауларды, қызмет көрсету белгілерін, сервистердің атауларын, компьютерлік бағдарламалық жасақтаманы (бастапқы кодтарды қоса), эскиздерді, домендік атауларды, Қосымшаға қатысты пайдаланылатын логотиптерді, атаулар мен графикалық бейнелерді және сызбаларды, өнеркәсіптік модельдерді, өнертабыстарды, ноу-хауды, коммерциялық құпияларды және тіркелген және тіркелмеген, әлемнің кез келген түкпірінде бар, қазірде белгілі немесе келешекте жасалатын кез келген сипаттағы барлық басқа құқықтарды қоса («Tabys Ltd. зияткерлік меншігі»), барлық басқа зияткерлік меншік құқығының иесі болып табылады. Қосымшаға меншік құқығының барлығы Tabys Ltd. тиесілі.
- 7.2. Зияткерлік меншіктің басқа құқықтары, өзгеден басқа, Қосымшаға қатысты пайдаланылатын тауарлық белгілерді, қызмет көрсету белгілерін, логотиптер мен атауларды қоса, олардың тиісті иелерінің зияткерлік меншігі болып табылады (бірілесіп «Үшінші тараптардың зияткерлік меншігі» аталады). Tabys Ltd. зияткерлік меншігі мен Үшінші тараптардың зияткерлік меншігі Tabys Ltd. немесе зияткерлік меншіктің тиісті иесінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз толық немесе жартылай көшіріле, ұқсастыра немесе пайдаланыла алмайды. Қосымшада ұсынылған қосымша мен контент авторлық құқықпен, тауарлық белгімен, патентпен және басқа зияткерлік меншік құқықтарымен, сонымен қатар Tabys Ltd. және оның лицензиарларына тиесілі жеке меншік құқықтарымен қорғалған.

8. АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

- 8.1. Қосымшаны немесе оның мазмұнын қандай да бір жағдай бойынша кеңес деп қарастырмау керек. Қосымшадағы кез келген ақпаратқа байланысты қандай да бір іс-әрекеттер орындамас бұрын немесе олардан тартынбас бұрын пайдаланушы тиісті консультация алу үшін өтініш жасауы керек. ҚОСЫМШАНЫ

НЕМЕСЕ ОНЫҢ МАЗМҰНЫН КЕЗ КЕЛГЕН КӘСІБИ КОНСУЛЬТАЦИЯНЫҢ НЕМЕСЕ КЕҢЕСТІҢ ОРНЫНА ЖҮРЕДІ ДЕП ҚАРАСТЫРМАУ КЕРЕК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРНЫНА ПАЙДАЛАНБАУ КЕРЕК.

9. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БОЛДЫРМАУ

- 9.1. Tabys Ltd. және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері пайдаланушының немесе Эмитенттердің Tabys Ltd.-дің осы Келісімнің және /немесе Қызмет көрсету туралы Шарттың немесе Инвесторлық келісімнің талаптарын орындауы кезінде туындаған қандай да бір міндеттемелері үшін жауапкершілік алмайды.
- 9.2. Осы Келісім қандай да бір судсидиялық немесе ортақтасқан жауапкершілікке әкелмейді және қарастырмайды және пайдаланушы өзінің міндеттемелері мен осы Келісімге сәйкес оның атынан Tabys Ltd. немесе Лицензиаттар жасаған іс-әрекеттер үшін пайдаланушы жекеше жауапкершілікте болып табылады.
- 9.3. Осы Келісімдегі ешнәрсе салғырттық, алаяқтық үшін жауапкершіліктен немесе кез келген басқа жауапкершіліктен заңға сәйкес босатылмайтын немесе шектелмейтін шамада босатпайды және жауапкершілікті шектемейді.
- 9.4. Қолданылатын заңнамада рұқсат етілген барынша жоғары дәрежеде, қандай да болмасын жағдайларда Tabys Ltd., Лицензиаттар және олардың үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері және агенттері Қосымшаны пайдалануға қатысты жауапкершілікте болмайды және/немесе беделді жоғалтудан, айрылып қалған пайдадан немесе кез келген жоғалтудан, ұрлықтан немесе пайдаланушының ақпаратының бұрмалануынан, Қосымшаны пайдалану мүмкінсіздігінен, Құрылғының жаңылысынан, жөндемсіздік салдарынан болған залалдарды қоса, кез келген тікелей, жанама, ерекше немесе ілеспе залалдар үшін жауапкершілікте болмайды.
- 9.5. Tabys Ltd. және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері және агенттері, тіпті оларға, өзгеден басқа, қатеден, қапылықтан, арасын үзуден, ақаулықтан, орындамаудан, санкцияланбаған пайдаланудан, жұмыстағы немесе берудің кешіктірілуінен, желінің жаңылысынан, компьютерлік вирустан, құрт-бағдарламадан, «троян атынан» немесе басқа түрдегі зиян мен бүлінулерден туындаған залалдарды қоса, мұндай залалдың мүмкін екендігі туралы хабарланса да, жауапкершілік тартпайды.

10. ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ КЕПІЛДІГІ

- 10.1 Құқық бұзушылық тікелей Tabys Ltd. немесе Лицензиаттардың алаяқтық немесе қасақана заңсыз мінез-құлқынан туындаған жағдайларды қоспағанда, Пайдаланушының Қосымшаға қолжетімділігі және оны пайдаланудың талапшарты ретінде пайдаланушы залалды өтеуге және Tabys Ltd. Лицензиаттар мен олардың үлестес тұлғаларын, директорларын, мердігерлерін, қызметкерлерін, агенттерін және үшінші тарап қызмет көретушілерін кез келген наразылықтардан, залалдардан және міндеттемелерден, шығыстардан, сот шешімдерінен, айыппұлдардан, сот процестерінен, пайдаланушының Қосымшаға, Құралдарға қолжетімділігінен немесе оны пайдаланушының нәтижесінде немесе осы Келісімге байланысты тікелей немесе жанама түрде туындайтын зиян мен шығыстардан (өзгеден басқа, сот шығыстарын және заңгерлік шығыстарды қоса) босатуға келіседі.

11. ҚОСЫМШАНЫ ҚОЛДАНУДЫ ТОҚТАТУ

11.1. Пайдаланушы Қызмет көрсету туралы Шарттың талаптарына сәйкес, төменде көрсетілген талаптарды сақтай отырып, Қосымшада «Жабу» батырмасын басып, өзінің Шотын жаба алады:

- Тіркеуші Шотында да, Кастодиандық Шотта да Инвесторлық нысандар мен Клиенттің ақшалай қаражаты жоқ;
- Шотта Бағалы қағаздар жоқ; және
- Шот бұғатталмаған; және
- Шотта кейінге қалдырылған немесе аяқталмаған сұраулар жоқ;
- Барлық алымдар мен комиссиялар тиісінше түрде төленген;
- Қызмет көрсету туралы Шартта көрсетілген басқа да себептер.

Егер жоғарыда тізілген талаптар сақталса, Қызмет көрсету туралы келісімге сәйкес тиісті Лицензиат пайдаланушының Шотын жабады да, Қосымшада бұл туралы хабарландырылады. Бұл жағдайда Пайдаланушы лицензиясының және осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған болып саналады және пайдаланушы өзінің Құрылғысынан Мобильді қосымшаны дереу өшіруі тиіс.

11.2. Егер, өзгеден басқа, төменде көрсетілгендерді қоса, пайдаланушы осы Шарттардың, Қызмет көрсету туралы Шарттың немесе Инвесторлық келісімнің шарттарын елеулі түрде және үнемі бұзса, Tabys Ltd. Пайдаланушы лицензиясының қолданылуын дереу тоқтата тұра немесе тоқтата алады:

- Пайдаланушы Шотты немесе Құралдарды заңсыз пайдаланса немесе пайдаланады деуге негізді болжамдар болса немесе біреуге пайдалануға рұқсат етсе;
- Пайдаланушы Шотты және Қосымшаны заңсыз мақсаттар үшін пайдаланылады деп негізді түрде болжаса;
- Пайдаланушы алдау жолымен әрекет жасады немесе алдау жолымен әрекет жасайды деп Tabys Ltd. негізді түрде болжаса;
- Осы Қосымшаны жүктеуге және пайдалануға пайдаланушының құқығы болмаған болса; немесе
- Егер Tabys Ltd. және Лицензиаттар Қосымшада немесе Шотта, өзгеден басқа, серверге шабуылды, санкцияланбаған қайта басып шығаруды немесе Tabys Ltd. және Лицензиаттар қауіпті деп санайтын кез келген басқа да іс-әрекеттерді қоса, кейбір күдікті іс-әрекеттер жасалып жатқанын айқындаса;
- Пайдаланушының Қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын құпия деректері санкцияланбаған немесе алаяқтықпен пайдалану орын алды деп болжауға орынды негіздер бар болса.

11.3. Tabys Ltd. Пайдаланушы лицензиясы тоқтатыла тұрғаннан немесе тоқтатылғаннан кейін пайдаланушыға дереу хабарлайды. Бұл SMS, Қосымшаға кірердегі хабарлама, электронды пошта, қорғалған электрондық хабарлама немесе жеке тәртіпте хабарлаудың кез келген басқа тәсілі болуы мүмкін.

11.4. Tabys Ltd. осы Пайдаланушы лицензиясының қолданылуын кез келген басқа себеп бойынша, пайдаланушыға хабарлама жіберіп, тоқтата тұра немесе біржолата тоқтата алады. Бұл, мысалы, пайдаланушы Қызмет көрсету туралы Шартты бұзған жағдайда орын алуы мүмкін.

11.5. Егер Tabys Ltd. пайдаланушы құрылғысындағы Қосымшаны немесе ол жұмыс істейтін операциялық жүйені бұдан былай қолдамайтын болса, Tabys Ltd. осы пайдаланушы лицензиясын тоқтата тұруы немесе тоқтатуы мүмкін. Пайдаланушы лицензиясының немесе Қосымшаның қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе біржолата тоқтатылған жағдайда Қосымшаның қандай да бір Құралдарын ұсыну аяқталғаннан кейін қандай да бір өтемақыға немесе басқа төлемге пайдаланушының құқығы болмайды және АІХ бұл үшін жауапкершілік алмайды.

- 11.6. Осы Пайдаланушы лицензиясының қолданылуы кез келген себеп бойынша тоқтатылғаннан кейін осы Келісім бұзылған болып саналады және пайдаланушы Қосымшаны өзінің Құрылғысынан алып тастауға және Қосымшаның барлық көшірмелерін, оның пайдаланушыда бар барлық компоненттермен қоса, жоюға тиіс.
- 11.7. Осы Пайдаланушы лицензиясының қолданылуы кез келген себеп бойынша тоқтатылғаннан кейін Қосымшаға қатысты пайдаланушының барлық құқықтарының қолданылуы бірден тоқтатылады.

12. ХАБАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

- 12.1. Tabys Ltd. және Лицензиаттар кез келген хабарлама мен ескертпелерді пайдаланушы берген телефон нөмірге, электронды поштаға, пошталық мекенжайға немесе кез келген басқа тәсілдермен жолдай алады. Tabys Ltd. және Лицензиаттар сонымен қатар хабарламалар мен ескертпелерді Қосымшада жариялауы мүмкін. Хабарламалар мен ескертпелер олар жіберілгенде, пайдаланушының қараған-қарамағандығына байланыссыз жеткізілген болып саналады.
- 12.2. Пайдаланушы құжаттар мен сұрауларды электрондық онлайн растау пайдаланушы қолмен қол қойғандай заңды түрде байланыстыратынымен келіседі. Осы Келісімнің және онда аталған басқа да құжаттардың электрондық нұсқаларын пайдалану олардың сізге жазбаша түрде берілуі тиістігі туралы кез келген талапты толығымен қанағаттандырады. Пайдаланушы Tabys Ltd. пен Лицензиаттар арасындағы істерді электрондық байланыс құралдарының көмегімен жүргізуге келіседі.

13. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

- 13.1. Осы Келісім АХҚО құқығына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.
- 13.2. Осы Келісім мен Байланысты құжаттар бойынша міндеттемелерді орындау барысында туындауы мүмкін кез келген даулар мен талаптар осы Келісімнің 5.1-тармақта көрсетілгендей тиісті тарапқа жіберілуі тиіс.
- 13.3. Егер осы Келісімнің шеңберінде қандай да бір дау туындаса, пайдаланушы мен тиісті тарап дауларды сотқа жүгінусіз 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс.
- 13.4. Егер пайдаланушы мен тиісті тарап келісімге келмесе, пайдаланушы мен тиісті тарап арасындағы осы Келісімге және Байланысты құжаттарға сәйкес немесе онымен байланысты туындайтын кез келген дау, соның ішінде оның бар болуына, шынайылығына немесе оны бұзуға қатысты кез келген мәселе алдымен АХҚО-ның Халықаралық төрелік орталығына Төрелік және Медиация қағидаларына сәйкес сотқа дейінгі реттеу үшін беріле алады. Шешілмеген даулар АХҚО Сотының Ережелері мен Қағидаларына сәйкес АХҚО Сотына қарауға беріледі және түпкілікті шешіледі және пайдаланушы кез келген дауларды шешу үшін АХҚО Сотының айрықша юрисдикциясына бағынатындығымен келіседі.
- 13.5. Егер осы Келісімнің қандай да бір ережесі (немесе ережесінің бөлігі) қандай да бір сотпен немесе құзыретті юрисдикцияның әкімшілік органымен қолданылмайтын, орындалмайтын, заңсыз, заңды күші жоқ немесе жоққа шығаруға жататын деп танылса, мұндай ереже немесе талапшарт заңмен рұқсат етілген барынша жоғары дәрежеде қолданылуы жалғасатын қалған ережелер мен талапшарттардан бөлінеді немесе осы Келісімнің қалған бөлігі қолданылатын және орындалатын болатындай түрде өзгертіледі.

- 13.6. Үшінші тараптардың кез келген наразылықтарын қорғауды және реттеуді бақылау құқығын Tabys Ltd. және Лицензиаттар өзіне қалдырады, бұл ретте пайдаланушы осындай құқықтарды іске асыруда Tabys Ltd. және Лицензиаттарға көмектесетін болады.
- 13.7. Залалдарды өтеу осы Келісім талаптарын кейбір бұзулардан құқықтық қорғаудың өз алдына тиісті құралы бола алмайтынын пайдаланушы растайды және онымен келіседі. Осылайша, осы Келісімнің талапшарттарын бұзу қаупі немесе олардың іс жүзінде бұзылуы жағдайында, соттың тыйым салуы, міндеттемені заттай орындау түріндегі соттың қорғау құралдарына немесе құқықтық қорғаудың өзге құралына Tabys Ltd. пен Лицензиаттардың құқығы бар.

14. ШАРТТАРДЫ ӨЗГЕРТУ

- 14.1. Tabys Ltd. заңнамадағы немесе озық іс-тәжірибедегі өзгерістерді көрсету немесе Tabys Ltd. ендіріп жатқан қосымша функцияларды немесе басқа мақсаттар үшін осы Келісімге кез келген уақытта алдын ала ескертусіз және келісімсіз өзгерістер енгізе алады. Tabys Ltd. енгізген кез келген өзгерістерді біліп отыру үшін пайдаланушы осы Келісімді үнемі тексеріп тұруға міндетті. Егер пайдаланушы осы Қосымшаға кіруді және оны пайдалануды жалғастырсаңыз, онда пайдаланушы мұндай өзгерістерді қабылдады және жаңартылған Келісімді сақтауға келіседі деп саналады. Егер пайдаланушы мұндай өзгерістермен келіспесе, пайдаланушы Қосымшаны дереу алып тастауға және оны пайдалануды тоқтауға тиіс.

15. ҚОСЫМШАНЫ ЖАҢАРТУ

- 15.1. Tabys Ltd. өнімділікті жоғарылату, функцияларды жақсарту, операциялық жүйедегі өзгерістерді түсіру немесе қауіпсіздік проблемаларын шешу үшін Қосымшаны автоматты түрде мерзімді жаңарта және өзгерте алады. Tabys Ltd. пайдаланушыдан осы себептер бойынша Қосымшаны жаңартуды өтінуі мүмкін.
- 15.2. Егер пайдаланушы мұндай жаңартуларды орнатпау туралы шешім қабылдаса немесе егер пайдаланушы автоматты жаңартулардан бас тартса, пайдаланушы Қосымшаны және оның Құралдарын пайдалануды жалғастыра алмайды.

Бізбен байланысыңыз

Қосымшаға қатысты қандай да бір сұрақтар tabys@tabysapp.kz мекенжайы бойынша жіберіле алады.